

## **ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі**

**6B03 - Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат**  
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

**6B032 - Журналистика және ақпарат**  
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

**0320**  
(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

**B042 - Журналистика және репортер ісі**  
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

**6B03202 - Журналистика, SMM және PR**  
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

**бакалавр**  
(дайындық деңгейі)

**Оқуға түскен жылы 2025 жыл**

**Әзірленді**

БББ академиялық комитеті  
АК жетекшісі Сағанаева Г.Б.  
БББ менеджері Хибадуллина А.С.

**ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**

Мектеп кеңесінің отырысында  
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылады  
23.02.25 No 6 хаттама

**БЕКІТІЛДІ**

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында  
2025 жылы «27» наурыз No 7 хаттама.

Университет Басқарма шешімімен  
№23 «04» 04 2025 ж. хаттама

## Мамандыққа кіріспе

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 1              |
| Академиялық кредит саны | 3              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнде журналистиканың негізгі принциптері мен функциялары, SMM және PR салаларының негізгі ұғымдары мен бағыттары қарастырылады. Журналистикада ақпаратты жинау, өңдеу және тарату процестері, этикалық стандарттар мен журналистік жанрлар меңгеріледі. SMM әлеуметтік желілер арқылы маркетингтік стратегиялар мен аудиториямен тиімді байланыс жасау әдістерін үйретеді. PR Пән PR - қоғаммен байланыс орнату, имидж қалыптастыру және дағдарыс коммуникациясын басқару аспектілерін қамтиды. Білім алушылар осы үш бағыт бойынша кәсіби дағдыларды меңгеріп, заманауи медиа құралдарымен жұмыс жасауға дайындалады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Журналистиканың теориялық негіздері мен жанрларын, ақпаратты жинау, өңдеу және тарату әдістерін меңгерту. Заманауи медиа, цифрлық журналистика, әлеуметтік желілер мен мультимедиялық платформалардың ерекшеліктерін зерттеу. SMM мен PR бағыттарында контент жасау, аудиториямен байланыс, брендті ілгерілету және ұйым имиджін қалыптастыру дағдыларын дамыту.

### Оқыту нәтижелері

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Журналистиканың теориялық негіздері мен жанрлық ерекшеліктерін біледі; ақпаратты жинау, өңдеу және тарату әдістерін қолданады; журналистік этика мен құқықтық нормаларды кәсіби қызметте қолданады.
- 2) Әлеуметтік желілердегі мақсатты аудиторияны анықтайды, контент құру және жариялау стратегияларын түсінеді;
- 3) Брендті ілгерілету мен SMM стратегияларын қолдана алады;
- 4) Қоғаммен байланыс орнатудың негізгі тәсілдерін біледі; имидж қалыптастыру мен коммуникация құралдарын тиімді қолданады.

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

Заманауи әлемдік масс-медиа Журналистика тарихы

## Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 1              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнде журналистика жанрлары және олардың қоғамдағы қызметі туралы теориялық және практикалық білім береді. Пән журналистиканың негізгі жанрларын – ақпараттық, аналитикалық, публицистикалық, көркем және басқа да жанрларды зерттейді. Әр жанрдың құрылымы, стилі, мақсаттары мен әдістері талқыланады. Сонымен қатар, журналистиканың қоғамдық қызметі, оның саяси, әлеуметтік, мәдени және білім беру салаларындағы орны мен рөлі қарастырылады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Заманауи журналистиканың жанрлық түрлері мен және олардың қоғамдағы қызметі туралы жүйелі білім беру. Білім алушылар журналистік жанрлардың ерекшеліктерін түсініп, оларды кәсіби тұрғыда қолдана білуі керек. Журналистиканың қоғамдағы әлеуметтік, саяси және мәдени рөлін сараптай отырып, түрлі жанрдағы материалдарды жазу және шығару дағдыларын дамыту.

### Оқыту нәтижелері

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Жанр саласындағы негізгі түсініктерге ие және дәстүрлі және жаңа қолданысқа сәйкес жанрлық пішіндерді сипаттай алады;
- 2) Түпнұсқалық мультимедианың генерациялайтын ерекшеліктерін ескере отырып, құрылысын түсіндіреді;
- 3) Өзінің мультимедиялық өнімін жасайды және оны жанрлық критерийлер бойынша бағалай алады.

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

Конвергенттік журналистика негіздері Бұқаралық коммуникация тілі мен стилі: сөйлеу мәдениеті және редакциялау

## Журналистика тарихы

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 1              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнде баспасөз тарихының дамуы, жанрлық жіктелу сипаты мен стильдік ерекшеліктерін, сыртқы пішіні мен ішкі мазмұнын анықтау, тақырыптың алуан түрлілігі мен сюжеттік байлығын, тілдік және терминологиялық ерекшеліктерін меңгереді. Курста

шығармашылық ізденіс пен журналистік шеберліктің нәтижесінде цензураны айналып өтудің түрлі әдіс-тәсілдерін меңгеруде тәжірибе жинақтайды. Білім алушылар әлемдік ақыл-ой мен журналистиканың дамуына орасан зор үлес қосқан қазақ публицистері туралы қызықты деректермен танысады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Ұлттық баспасөз тарихының тууы мен қалыптасуы, алғашқы көсемсөзшілер мен газет-журнал редакторлары, олардың шеберлік мектебінен тәлімі алу; публицистикалық шығарма мәтінін баспа, газет, радио және теледидарда жариялауға дайындау үшін оның мәтінін өңдеудің теориялық негіздері мен кәсіби әдістерін меңгеруге көмектесу.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН1 Қоғамның қазіргі даму үрдістерін ескере отырып, әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдер мен коммуникативтік дағдыларды, ақпараттық технологияларды қолдану

ОН3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Ұлттық журналистика дамуының негізгі кезеңдерін біледі;

2) Қазақ қоғамы мен қазақ журналистикасының даму кезеңдерін сыни талдау арқылы адамзат даму парадигмасымен байланыстырады;

3) Қазақстандық журналистерінің шығармаларын ел мен әлемнің тарихи дамуының парадигмасында талдай алады.

### **Пререквизиттер**

Мамандыққа кіріспе

### **Постреквизиттер**

Инновациялық публицистика

## **Заманауи әлемдік масс-медиа**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 1              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән әлемдік масс-медианың эволюциясы, жаңа технологиялардың ықпалы және әлеуметтік медиа платформаларының рөлі туралы ақпарат береді. Білім алушылар әлемдегі жетекші ақпараттық агенттіктер, телеарналар, интернет-журналдар мен әлеуметтік желілердің жұмыс істеу принциптерін, медиа этикасы мен заңнамаларын, сондай-ақ масс-медиа индустриясының жаһандық саяси және мәдени процестерге әсерін зерттейді. Пәнде шетелдік үздік журналистердің жұмыс тәжірибесі қарастырылады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Әлемдік журналистиканың даму үрдістерімен таныстыра отырып, жанрлық ерекшеліктеріне шолу жасау, жаһандық медианарықтағы өзгерістер мен цифрлық трансформацияны түсінуге мүмкіндік жасау, сондай-ақ, оның қазақ журналистикасының дамуымен салыстыра талдауға машықтандырып, өзіндік ой қорыта білуге үйрету.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ОН6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Қазіргі шетел журналистикасының ерекшеліктерін анықтай алады;

2) Тарихи даму тенденцияларын ескере отырып, шетелдік журналистика дамуының қазіргі кезеңінің сипаттамаларын таниды;

3) Шетелдік журналистік модельдерді, негізгі тәсілдерді, үрдістерді, жанрларды сипаттаудың жүйелік принциптерін қолдана алады.

### **Пререквизиттер**

Мамандыққа кіріспе

### **Постреквизиттер**

Телевизиялық өндіріс Конвергенттік журналистика негіздері

## **Оқу практикасы**

|                         |                                 |
|-------------------------|---------------------------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер                  |
| Курс                    | 1                               |
| Академиялық кредит саны | 2                               |
| Білімді бақылау нысаны  | Практика бойынша қорытынды баға |

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл курстағы іс-тәжірибеде білімалушылар газет, журналдар, радио, теледидар, баспа, ақпараттық агенттік, баспа бөлімі, ақпараттық бірлестік редакцияларының жұмыс қағидалары мен ерекшеліктерін білетін болады. Сонымен қатар, ақпарат көздерімен жұмыс істеу, дерек жинау әдістерін, сұхбат жүргізу техникасын, мақала мен репортаж жазу және өңдеуді меңгереді. Оқу іс-тәжірибесі теориялық білімді нығайтып, нақты кәсіби тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Білім алушылардың алған ғылыми-теориялық білімдерін тереңдету және бекіту.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ОН9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Газет, журнал редакциялары бөлімдерінің, радио, теледидар, баспа, ақпарат агенттігі редакцияларының, шығару бөлімдерінің, ақпараттық бірлестіктерінің жұмыс ерекшеліктерімен, жалпы және нақты принциптерімен таныс болады.

2) Өзінің келешек кәсібінің әлеуметтік маңызын және мәнін түсінеді.

3) Оқу үдерісінде алған теориялық білімін тереңдетіп, мамандығы бойынша іс-тәжірибелік дағдылар жинайды.

### **Пререквизиттер**

Мамандыққа кіріспе

### **Постреквизиттер**

Өндірістік практика 1

## **Бұқаралық коммуникация тілі мен стилі: сөйлеу мәдениеті және редакциялау**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 1              |
| Академиялық кредит саны | 3              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән БАҚ- та және коммуникациялық ортада қолданылатын тіл мен стиль ерекшеліктерін зерттейді. Курста бұқаралық коммуникациядағы мәтін түрлері, ақпаратты беру тәсілдері, тілдік нормалар, стилистикалық құралдар және сөйлеу мәдениетінің талаптары қарастырылады. Сонымен қатар, қазіргі медиа кеңістікте тілдің трансформациясы мен рөліне талдау жасалады.

Курс тіл мен стильдің ерекшеліктерін, сондай- ақ журналистік мәтіндерді қалай жазу және өңдеу керектігін зерттейді. Журналистер қолданатын тілдің грамматикалық, лексикалық және синтаксистік ерекшеліктері талқыланады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Бұқаралық коммуникацияда қолданылатын тілдік құралдарды, стиль түрлерін, сөйлеу мәдениетін меңгеруге және кәсіби салада сауатты, тиімді тілдік қарым- қатынас орнатуға үйрету. Сондай- ақ БАҚ тілінің ықпалын, тілдік және стилистикалық ерекшеліктерін сараптай отырып, кәсіби мәтінмен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру

### **Оқыту нәтижелері**

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Бұқаралық коммуникацияның негізгі лингвистикалық тұжырымдамалары мен қолданыстағы нормаларға сәйкес дәстүрлі және жаңа медианың тілдік және стилдік ерекшеліктерін сипаттай алады;

2) Журналистік мәтіндегі нормалар мен нормадан тыс (қателіктер) ұғымдарымен жұмыс жасай алады, БАҚ- тағы қателерді нормаға сәйкес түзете алады;

3) Тіл мен стильді қалыптастырудың нормалары мен ережелерін ескере отырып, медиа өнім жасай алады.

### **Пререквизиттер**

Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі

### **Постреквизиттер**

Жаңалық және ойлау технологиялары / жаңалықтар фабрикасы Конвергенттік журналистика негіздері

## **Журналистикадағы маркетинг пен менеджмент, жарнама және PR**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 3              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән ұйымдағы коммуникациялар арқылы іскерлік келіссөздер жүргізу, менеджер қызметі мен бизнес дискурсын қалыптастырумен танысады. Коммуникациялық процесті ұйымдастырудың принциптері, құралдары, технологияларын біледі. Қоғаммен байланыстың қажеттілігі мен қарым- қатынас орната білу тиімділігін тани алады. Жарнама маркетингі мен менеджментінің бүгінгі нарықтағы көрінісіне талдаулар жасалады. Маркетинг: баға қалыптастыру мәселері, жарнама мен оны өткізуді ынталандыру қызметтері туралы мағлұматтар беріледі.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Маркетингтің жарнамалық ерекшеліктері, жарнама және қоғамдық қатынастар. Маркетингтің ұқсастығы мен айырмашылығын таныстыру.

### **Оқыту нәтижелері**

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуындағы өзгерістер, медиабизнесінің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

ON8 Медиадағы әлеуметтік маркетинг, жалпы ережелері, медиаменеджерлерге арналған SMM қызметі жағдайларын пайдалану

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Медиа ұйымдарын басқару және маркетингтік стратегияларды әзірлеу дағдыларын біледі;

2) Журналистикада жарнама және PR құралдарын тиімді қолданады;

3) Аудиторияны зерттеуді, медиа ресурстарды талдауды және тиісті жарнамалық стратегияларды әзірлеуді үйренеді.

### **Пререквизиттер**

Мамандыққа кіріспе Заманауи әлемдік масс-медиа

### **Постреквизиттер**

PR және бұқара коммуникациялары SMM нарығы

## **Абай әлемі**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 3              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән тарихи фактілерді, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының идеялық-эстетикалық құндылықтарды қалыптастыратын философиялық-көркемдік негіздерін игерте отыра, студенттің өз пікірін айта білу, практикалық дағдыларды және адамгершілік, адалдық, көркем мінез сияқты адами қасиеттерді қабылдауды меңгертеді. Қазақ әдебиеті қаламгерлерінің данышпандық қырлары мен М.Әуезовтің Абай мұрасын зерттеу, насихаттаудағы рөлін, шығармаларының тарих, әдебиет, ғылым үшін маңызын айқындайды.

### Пәнді оқыту мақсаты

Философиялық және дүниетанымдық болмыстың мағынасын қалыптастыру, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов шығармаларында көтерілген мәселелерді түсіну және алған білімді күнделікті өмір тәжірибесінде қолдану.

### Оқыту нәтижелері

ON1 Қоғамның қазіргі даму үрдістерін ескере отырып, әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдер мен коммуникативтік дағдыларды, ақпараттық технологияларды қолдану

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына қатысты тарихи фактілерді, шығармалардың философиялық-көркемдік негіздерін талдайды;
- 2) Абайдың философиялық-көркем шығармаларының гуманистік идеяларын практикада қолданады;
- 3) Абай еңбектерінің әдебиет және ғылым тарихындағы орны мен маңызын бағалайды.

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## Өндірістік практика 1

|                         |                                 |
|-------------------------|---------------------------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер                  |
| Курс                    | 2                               |
| Академиялық кредит саны | 5                               |
| Білімді бақылау нысаны  | Практика бойынша қорытынды баға |

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс іс-тәжірибесі болашақ журналистердің теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануына арналған. Өндірістік іс-тәжірибе (1) барысында білім алушылар университеттен алған теориялық білімдерін іс-тәжірибеде тереңдетіп, бекітеді және жан-жақты пайдалана біледі, базалық пәндер бойынша теориялық білімдерін іс-тәжірибелер арқылы нақтылай түседі. Іс-тәжірибеден өту кезінде БАҚ (газет, журнал, телерадио, интернет-платформа) жұмыс істеп, жаңалықтар дайындау, репортаж жасау, сұхбат алу, мақала жазу сияқты кәсіби міндеттерді орындайды.

### Пәнді оқыту мақсаты

Кәсіби қызметті жүзеге асыруға қажетті білік-дағдылар мен тәжірибе қалыптастыру.

### Оқыту нәтижелері

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1)Түрлі кәсіби қызмет түрлерін орындауда: тақырыпты таңдау, материалдар жинақтау, фактілермен жұмыс жасай біледі;
- 2)Дереккөздермен жұмыс жасай білу, жанр анықтамасы, сценарий жазу, мәтін жазу, түсірілім жұмысына қатысу, монтаж жасай білуге т.б) жұмыс жүргізе білуге дағдыланады.

### Пререквизиттер

Оқу практикасы

### Постреквизиттер

Өндірістік практика -2

## Өндірістік практика -2

|                         |                                 |
|-------------------------|---------------------------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер                  |
| Курс                    | 3                               |
| Академиялық кредит саны | 5                               |
| Білімді бақылау нысаны  | Практика бойынша қорытынды баға |

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Өндірістік практика (2) кезінде білім алушылар заманауи конвергентті технологияларды пайдалана алу дағдыларын қалыптастырады, кәсіби қызметіне қажет икем- дағдыларын жетілдіріп, оны іс жүзінде сауатты қолдана алады. Шығармашылық ізденіс пен теориялық білімді тоғыстырады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушының ақпараттық, коммуникациялық, кәсіби іскерлігін дамытып, арнайы технологияларды пайдалана білуге үйрету.

### Оқыту нәтижелері

ON2 Журналистік материал дайындауда құқықтық және этикалық ережелер мен медиа ақпараттық сауаттылықтың негізгі қағидаларын пайдалану

ОН3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ОН4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Заманауи конвергентті технологияларды пайдалана алу мүмкіндігінің қалыптастырады.

#### **Пререквизиттер**

Өндірістік практика 1

#### **Постреквизиттер**

Өндірістік 3 практикасы

### **Дипломалды практикасы**

|                         |                                 |
|-------------------------|---------------------------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер                  |
| Курс                    | 4                               |
| Академиялық кредит саны | 15                              |
| Білімді бақылау нысаны  | Практика бойынша қорытынды баға |

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Дипломалды практикасы білім алушының кәсіби құзыретін бекітіп, кәсіби қызметінің практикалық дағдыларын игертеді. Мамандық бойынша кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін оқып-зерттейді. Болашақ маман ретінде кәсіби білімі бойынша білік-дағдыларын жетілдіріп, әлеуметтік-коммуникативті, ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін дамыта түседі.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәндік, психологиялық-әлеуметтік жағдайды ескере отырып, кәсіби қызметте теориялық білімдерді қолдана алу біліктері мен дағдыларын жетілдіру.

#### **Оқыту нәтижелері**

ОН3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ОН4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ОН9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Нақты әлеуметтік жағдайды ескере отырып, кәсіби қызметте теориялық білімдерді қолдана алу біліктері мен дағдыларын меңгереді.

#### **Пререквизиттер**

Өндірістік практика -2

#### **Постреквизиттер**

Қорытынды аттестаттау

### **Өндірістік 3 практикасы**

|                         |                                 |
|-------------------------|---------------------------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер                  |
| Курс                    | 4                               |
| Академиялық кредит саны | 15                              |
| Білімді бақылау нысаны  | Практика бойынша қорытынды баға |

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Өндірістік практика (3) білім алушының кәсіби құзыретін бекітіп, кәсіби қызметінің практикалық дағдыларын игертеді. Мамандық бойынша кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін оқып-зерттейді. Болашақ маман ретінде кәсіби білімі бойынша білік-дағдыларын жетілдіріп, әлеуметтік-коммуникативті, ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін дамыта түседі.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәндік, психологиялық-әлеуметтік жағдайды ескере отырып, кәсіби қызметте теориялық білімдерді қолдана алу біліктері мен дағдыларын жетілдіру.

#### **Оқыту нәтижелері**

ОН3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ОН4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ОН9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Нақты әлеуметтік жағдайды ескере отырып, кәсіби қызметте теориялық білімдерді қолдана алу біліктері мен дағдыларын меңгереді.

#### **Пререквизиттер**

Өндірістік практика -2

#### **Постреквизиттер**

Қорытынды аттестаттау